

*Математикалық
лобиринт*

Математикадан интеллектуалды сайыс

Сайыс сабақтың мақсаттары

Білімділік:

Оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, ой - өрісін дамыту, жаңашылдық, ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану. Математикаға ынтасын, зейінін арттыру, алған білімдерін тереңдету.

Дамытушылық:

Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру. Оқығанын есте сақтай білуге, тиімді тәсілдерді тез таңдай білуге дағдыландыру. Ой - өрісін кеңейту, логикалық ойлау қаблеттерін дамыту, ұжымшылдық қаблеттерін дамыту.

Тәрбиелік:

Өз бетімен жұмыс жасай білуге баулу, шапшаңдыққа, ізденімпаздыққа баулу. Сыйластыққа және ұйымшылдыққа, алдарына қойған мақсаттарына жетуге тәрбиелеу және жеке тұлға етіп қалыптастыру.

*Сайысқа
қатысушылар:*

*5 а сыныбынан
келіп отырған
**Алғырлар
тобы***

*5 б сыныбынан
келіп отырған
Білгірлер тобы*

*Әділқазылар алқасымен
таныстыру.*

**Таныстыру
кезеңі!!!**

Сайыстың жүру тәртібі:

Бәйге

Сөздер
құрастыр

Топ
басшылар
сайысы

Алғыр болсаң
тауып көр


Есепті
білген - өсер

Көрерменге
сұрақ

“Бәйге”

Шартты:

Сұрақ – жауап. Әр топқа 10 сұрақтар қойылады, әр дұрыс жауапқа - 5 ұнай, қателескен жағдайда қарсыласқа кезек беріліп, олар шешкен жағдайда - 3 ұнай беріледі. Ал егер 2 - топта жауапты таппаған жағдайда жанкүйерлерге беріліп олар жауап береді, бірақ ұнай ешкімге берілмейді.



Алғырлар тобына сұрақтар:

1. 1 сағаттың $\frac{1}{4}$ -і неге тең?

Жауабы: 15 минутқа

2. Тек қана 1-ге және өзіне бөлінетін сан қалай аталады?

Жауабы: жай сан

3. Бөлшек сызығының үстіне жазылатын сан қалай аталады?

Жауабы: бөлшектің алымы деп аталады

4. Көбейтінділері 1-ге тең сандар қалай аталады?

Жауабы: Олар өзара кері сандар деп аталады

5. Кесіндіні өлшеу үшін қолданылатын құрал қалай аталады?

Жауабы: сызғыш деп аталады.

6. Ең кіші жай санды ата.

Жауабы: ең кіші жай сан ол – 2.

7. Төртбұрыш тәріздес үстелдің 1 бұрышын кесіп алсақ неше бұрышы қалады?

Жауабы: 5 бұрыш болып өзгереді.

8. Белгісі бар теңдік қалай аталады?

Жауабы: теңдеу деп аталады.

9. 282 саны 3-ке бөлінеді ме? Не себепті?

Жауабы: 282 3-ке бөлінеді себебі: цифрларының қосындысы 12-ге тең ал ол 3- ке бөлінеді, ал сол санды бөлген кезде жауабы 94

10. Wunderkind сөзін қалай түсінесің?





Білгірлер тобына сұрақтар:

1. Бөренені 8 бөлікке бөлу үшін неше рет кесу керек?

Жауабы: 7 рет

2. 24-тің $\frac{1}{3}$ -неге тең?

Жауабы: 6

3. $\frac{3}{4}$ -ке кері сан?

Жауабы: $\frac{4}{3}=1 \frac{1}{3}$

4. Ең алғашқы әйел математик әйел?

Жауабы: Софья Ковалевская

5. Қос ат 40 км шапқанда, әр ат қанша км шабады?

Жауабы: 40 км

6. Ең үлкен 3 таңбалы санды ата.

Жауабы: 999.

7. 100 жылдықты басқа атауы?

Жауабы: ғасыр.

8. 5 санына кері санды айт?

Жауабы: $\frac{1}{5}$

9. Тапсырма: $\frac{1}{5}$ санына кері сан?

Жауабы: 5

10. Тапсырма: Қандай 3 санның көбейтіндісі мен қосындысы 6-ға тең сандарды ата?

Жауабы: $1+2+3=6$ $1*2*3=6$



*“Алғыр болсаң тауып көр”
Математикалық жұмбақтар шешу.*

Шартты:

Әр топқа 2 жұмбақтан жасырылады, дұрыс жауапқа -5 ұнай, егер жауапты қосымша орыс тілінде жауап берсе қосымша + 2 ұнай, ағылшын тілінде берсе тағы + 2 ұнай қосылмақ. Қане топтар тек қана алға !!!



“Есеп білген өсер” – Есептерді шешу.

Екі топқа амалды орындау есебі. Есепті шығаруға 2 минут уақыт беріледі

Алғырлар тобына

- 1.Егер тырна бір аяғымен тұрса 3 кг тартады , ал екі аяғымен тұрса , оның салмағы қанша болады?
- 2.Отбасында жеті қыз және әрқайсысында бір-бірінен інісі бар.Отбасында неше бала бар?
- 3.5 жұмыртқа 5 минутта піседі. 10 жұмыртқа неше минутта піседі?
- 4.Жанұяда бес ер бала және олардың әрқайсысының бір-бірден қарындасы бар. Жанұяда неше бала бар?

Білгірлер тобына

- 1.Төрт қойдың неше аяғы бар?
- 2.Бір жылда неше ай, неше апта, неше күн бар?
- 3.30-санын үш 6 ны пайдаланып шығар? Таңбасын қой.
- 4.Інісінің 14 асығы бар, ағасының одан бес асығы артық. Екеуінің неше асығы бар?



Бұл кезең сайысымыздың басқа кезеңдерінен өзгереді, себебі мұнда математикалық біліммен қатар, байқампаздық пен мұқияттылық бағаланады. Сіздерге сәттілік!

Алғырлар тобының топ басшысына тапсырма:

1-ден бастап 40-қа дейінгі сандарға дейін санау керек. Жай ғана санап қана қоймай 4-ке бөлінетін санға кездескенде, ***Мен білемін!*** - деп айту керек.

Білгірлер тобының топ басшысына тапсырма:

1-ден бастап 50-ге дейінгі сандарға дейін санау керек. Жай ғана санап қана қоймай 5-ке бөлінетін санға кездескенде, ***Мен білемін!*** - деп айту керек.

Мысалы: 1-ден бастап 30-ға дейінгі сандарды санай отырып 3-ке бөлінетін сандарға мен білемін деп айтып кетем : 1,2, мен білемін, 4,5,мен білемін, 7,8, мен білемін, 10,11, мен білемін, 13,14, мен білемін, 16,17, мен білемін, 19,20, мен білемін,22,23,мен білемін,25,26,мен білемін, 28,29,мен білемін.

Көрермендерге сұрақ:

1. Суретші мектеп бөлмелерін нөмерлеуге тиіс. Бөлме саны 100 болса, нөмерлеу барысында суретсі 9 цифрын неше рет пайдаланады?


19 рет

2. Азамат жеңіл атлетикадан жарысқа қатысты. Ол сол жарыстың қорытындысы ілінген тізімнен қараса ол жоғарыдан санағанда да, төменнен санағанда да 25-ші болып тұр. Бұл жарысқа барлығы қанша адам қатысты?

49 адам қатысқан



3. Үш ағайынды Иван, Дмитрий, Сергей Мәскеу, Санктпетербург және Киевтің әр түрлі университеттерінде әр түрлі пәндерден сабақ береді. Иван Мәскеуде емес, Дмитрий Санктпетербургте емес, Мәскеудегі тарихтан бермейді. Санктпетербургтағы химиядан береді. Дмитрий биологиядан бермейді. Қайсысы қай жерде қандай пәннен сабақ береді?

Иван – Санктпетербургте - химиядан, Дмитрий – Киевте - тарихтан, Сергей – Мәскеуде – биологиядан.





Марапаттау!!!





Сайысымыз аяқталды.

Назар аударғандарыңызға

рақмет!!!

